

FTAMP 19.01.05

Бибінұр Бермағанбетова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>SDU University, Каскелең қ., Қазақстан

\*e-mail: [221308002@stu.sdu.edu.kz](mailto:221308002@stu.sdu.edu.kz)

## COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ КЕЗІНДЕГІ АҚПАРТҚА ЖҮРТШЫЛЫҚТЫҢ ӘСЕРІ: «AKORDAPRESS» INSTAGRAM ПАРАҚШАСЫ МЫСАЛЫНДА

**Аңдатпа.** 2020 жылдың 11 ақпанында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирусы немесе COVID-19 деп аталатын респираторлық ауруды ресми түрде жариялаған болатын. 2019 жылдың желтоқсанында Қытайда алғаш пайда болған бұл ауруды кейін 2020 жылдың наурыз айында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы пандемия деп жариялады. Бұл әлемде бұрын-соңды болмаған окшаулануға, денсаулыққа қауіп төндіру мен қаржылық тұрақсыздық секілді алаңдаушылыққа алып келді. COVID-19 пандемиясы кезінде Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік медианың қоғамдағы рөлі айтарлықтай артқаны сөзсіз. Себебі осындай дүрбелең жағдайда олар өмірлік маңызды ақпарат беріп қана қоймай, екі жақты қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік берді.

Зерттеу «Akordapress» Instagram парақшасында пандемия кезіндегі жаңалықтарына контент-анализ жасауға бағытталған. Жалпы халықтың ақпаратқа деген әсерін білетін боламыз.

**Түйін сөздер:** COVID-19, короновирус, контент, пандемия, денсаулық.

### *Kіріспе*

2020 жылдың наурызында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирусты пандемия деп жариялады [1]. COVID-19 деп аталатын инфекциялық вирус әлемнің көптеген елдерінде тез таралып, елдің әлеуметтік-экономикалық және денсаулық сақтау жүйелеріне елеулі әсер етті. Дене қызуы, жөтел, тамақтың тітіркенуі және тыныс алу проблемаларына туғызатын ең ауыр және созылмалы бұл ауру қоғамда айтарлықтай қорқыныш тудырды.

Адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған пандемия кезінде тез қарым-қатынас жасауға мүмкіндік берген әлеуметтік медиа

платформалары ауруға қатысты тез және жаңа ақпарат таратуда маңызды құралға айналды. Әрине оның жағымды және жағымсыз әсерлері де бар. Дегенмен ақпаратты таратушы әлеуметтік желідегі өз жауапкершілігін сезінгені дұрыс.

Әлеуметтік медиа, зерттеушілердің пікірінше, адамдарға жақындарымен және достарымен байланысуға ғана емес, сонымен қатар аурудың алдын алу, одан қорғану әдістері туралы дәрігерлерден кеңес алуға мүмкіндік берген [2,3].

Мемлекеттік және үкіметтік емес мекемелер әлеуметтік медианы қоғаммен жұмыс істеудің стратегиялық құралы ретінде көбірек қолданады. Жаһандық таралымы мен ауқымды аудитория бар әлеуметтік желілер COVID-19 сияқты дағдарыстық жағдайларда денсаулық сақтау мен төтенше жағдайларды бақылау үшін, тиімді және өте қолайлы платформалар болып отыр.

Сондай платформалардың бірі — Instagram әлеуметтік желісі. Instagram - бұл салыстырмалы түрде жаңа байланыс түрі, мұнда пайдаланушылар фотосуреттерді түсіру және оларды сүзгілер арқылы өзгерту арқылы ақпараттарымен оңай бөлісе алады. Ол 2010 жылдың қазан айында іске қосылғаннан бері пайдаланушылар мен құрылғыны жүктеушілер саны қарқынды өсуде. Мәселен, Instagram-да айына 400 миллионнан астам белсенді қолданушылар бар, олар 40 миллиардтан астам фотосуреттермен бөлісуде және күніне орта есеппен 3,5 миллиард лайк сайтта күнделікті тіркеледі [4].

Қазақстан мемлекеті де дағдарыс кезіндегі ақпаратпен алмасу құралы ретінде осы платформаны пайдаланып отыр. Сондықтан халықтың ондағы ақпаратқа әсерін білу үшін ресми ақпарат таратушы «Akordapress» Instagram парақшасына талдау жасаймыз.

Қазіргі таңда вирусқа қарсы вакциналар әзірленгенімен, вирустың жаңа штаммдарының пайда болуы бұл тақырып өзектілігін одан әрі айқындап отыр.

#### *Материалдар мен әдістер, нәтижелер*

Төмендегі кестеде көпшіліктің көбірек жүгінетін ресми «Akordapress» Instagram әлеуметтік желісінде COVID-19 кезіндегі шығарылған ақпараттар мен оларға қалдырылған жазбалардың кодтық жиынтығын көре аласыз.

«Akordapress» Instagram жарыққа шыққан материалдар (шілде, 2020 жыл)

| Мақала                                                                                                                                                                                            | Шыққан күні | Жие кездескен сөздер (жазбаға қалдырылған пікірлер)                                                                                             |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 29 маусым мен 5 шілде аралығындағы апталық жұмысына бейне шолу.                                                                            | 07.07.2020  | Су, жоқ, проблема, Орал, дәрі жоқ, адамдар өлуде, салют, адамдар күтуде, президент, ұятсыздар, нан, маска                                       |
| Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың телевизиялық үндеуі                                                                                                                   | 08.07.2020  | —                                                                                                                                               |
| Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінен.                                                                                                        | 10.07.2020  | Неге? жоқ, дәрі, соғыс, дети, дайындалмаған, Орал, су, президент, ұятсыз, пайдасыз, ел, инвалиды, салют                                         |
| Мемлекет басшысының Өкімімен 13 шілде жалпыұлттық аза тұту күні болып белгіленген болатын. Осыған орай түнгі сағат 00:00-ден бастап еліміздегі барлық Мемлекеттік Ту төмен түсірілді. #ұмытпаймыз | 13.07.2020  | —                                                                                                                                               |
| Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 6-12 шілде аралығындағы апталық жұмысына бейне шолу.                                                                                       | 13.07.2020  | —                                                                                                                                               |
| Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пандемия құрбандарын үнсіз еске алу рәсіміне қатысты                                                                                                     | 13.07.2020  | Аппарат, ИВЛ, Орал, су, жоқ, үкімет, халық, қорладындар, өлім, ақша, жұмыс, салют, тойлау, дәрігерлер, дәрі, неге керек? Балалар, баға, 42 500. |
| Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирус індетінің таралу ахуалы жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның отырысын өткізді. Президент Үкімет пен әкімдердің жұмысын қатаң сынға алды.                         | 18.07.2020  | Орал, су, жоқ, дәрі, тапшы, президент, дайын емес, коррупция, сафари, аптека, жалған.                                                           |
| Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 13-19 шілде аралығындағы апталық жұмысына бейне шолу.                                                                                      | 20.07.2020  | —                                                                                                                                               |

|                                                                                                                                   |            |                                                              |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|--------------------------------------------------------------|
| Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев<br>Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен<br>телефон арқылы сөйлесті                        | 24.07.2020 | Кездестіңіз бе?<br><br>Мемлекет, халық, билей<br>алмайсыз.   |
| Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев<br>еліміздегі эпидемиологиялық ахуалға қатысты<br>түйткілді мәселелер жөнінде кеңес өткізді. | 29.07.2020 | Көмектесіңдер, ашпыз,<br>халық, бала-шаға, қайда<br>барамыз? |
| Ескерту: дереккөз негізінде [5].                                                                                                  |            |                                                              |

Материалдардың мазмұнына сапалық талдау жасасаған кезде үнемі «жок», «дәрі», «су» және «салют», сияқты тегтердің кездесуі нақты проблемалық сұрақтардың бар екенін аңғартады. Мақалаларды жариялау кезеңі пандемияның нағыз өршіген, кезіне тұспа-тұс келуде. Шілде айының басында қайтыс болғандар саны 600-ден астам адам болса, айдың аяғында өлгендер саны 793-ке жетті [6]. Осы орайда, пандемия кезіндегі үкіметтің тиімсіз коммуникациясын ғана емес сонымен бірге мемлекеттің халық сұранысын елемей отырғанын аңғарып отырмыз. Мәселен, мемлекет басшысының өкімімен 13 шілде жалпыұлттық аза тұту күні болып белгіленген болатын. Бұл қоғамда резонанс тудырды. Біреулері «Тойларын тойлатып салюттерін атып алып енді траур жариялап 1 минуттық үнсіздік жариялау кімге керек нәрсе екен?» десе, енді біреулері «6 шілде - аза тұту күні! Сіз, ең болмағанда, халықты қолдап, дәріханалардағы бағаны реттеңіз, кем дегенде дәрі-дәрмектер ауруханаларда болсын!» деп нағыз проблемаларды шешуге үн тастады. Осы орайда, мемлекет жариялаған хабарламалардың тиімді немесе тиімсіз екенін оларға қалдырылған жұртшылықтың әсері арқылы алдын-ала білуге болады және дағдарыс коммуникациясын соған байланысты өзгерту керек деген тұжырымды зерртеуші Голуб ұстанып отыр [7]. Қалдырылған эмоциялар мен сындар Қазақстандағы жағдайдың жалпы ахуалын сипаттап отыр.

Біз назарға алған жоғарыда көрсетілген уақыт ішінде пандемия тақырыбында 10 материал жарияланды. Оның 3-і президенттің жұмысына апталық шолу туралы болса, 2-і президенттің үндеуі, 2-і пандемия құрбандарын аза тұту туралы, қалған 2-і еліміздегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты кеңес өткізу және Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевті туған күнімен құттықтап, жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал Өзбекстан халқына бақ-береке тілегені туралы жаңалықты

жариялаған. Ал енді үкімет берген жаңалықтарға тоқталып, контент анализ жасаймыз. Мәселен, «президенттің апталық жұмысына бейне шолу», «президент пандемия құрбандарын үнсіз еске алу рәсіміне қатысты», «Қасым-Жомарт Тоқаевтың телевизиялық үндеуі», «Президент Үкімет пен әкімдердің жұмысын қатаң сынға алды» деген сөйлемдерде, елдегі жағдайдың күрделілігіне қарамастан, жаңалықтардың легі «барлығын бақылауда ұстап отырған мемлекет» феноменінде көрніс табуда.

### *Қорытынды*

Пандемияға кезінде үкімет ұсынған ақпараттарға жұртшылықтың әрекеті зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетіп отыр. Жаңалықтарға қалдырылған пікірлердің көбі қорғаныс құралдары мен дәрі-дәрмектің жетіспеушілігін, әлеуметтік проблемалардың шешілмеуін, оқшауланудың салдарынан жұмыссыздыққа ұшырап, тіршіліктің қиындауын және адамдардың денсаулықтарына алаңдаушылықтарын білдіріп отыр.

COVID-19 пандемиясы кезіндегі ресми жаңалықтарды және оларға жазылған жазбаларды зерртей келе, келесі факторлады байқадық:

- инфекцияның алдын алуға бағытталған сапалы ақпараттың болмауы;
- жұртшылықтың мұң-мұқтажы назардан тыс қалуы;
- ауру туралы ешқандай статистика берілмеуі.

Жоғарыда айтылған факторлады ескере отырып, мемлекет өкілдеріне дағдарыс стратегиясын қайта қарап, тиімді әдістерді қолдану керек деген тұжырымға келдік.

Өкінішке орай, «Akordapress» Instagram парақшаларында қалырылған жазбалардың көпшілігі Қазақстанның саяси басшылығын пандемия кезіндегі әрекеттерінің тиімсіз және әлсіз тұстарын сынға алады. Әрине адамдардың ақпартты қабылдауы әртүрлі деңгейде болады. Дегенмен жазбалар арқылы жалпы халықтың көңіл күйін айқындауға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 World Health Organization. (2020). Coronavirus disease (COVID-19) advice for the public. Retrieved from <https://www.who.int/emergencies/diseases/novel-coronavirus-2019/advice-for-public>

- 2 Saud M., Mashud M. and Ida R., Usage of social media during the pandemic: Seeking support and awareness about Covid-19 through social media platforms // Wiley. Academic Paper, -2020, p. 1-9.
- 3 Fabiola González R., Iriarte Aguirre S. and Irene G., MedinaPharmaceutical influencers on Instagram and their communication during the Covid-19 pandemic crisis // Journal of Science Communication, -2020, 19 (5), 2-27.  
<https://doi.org/10.22323/2.19050204>
- 4 Alhabash S. and Ma M. A Tale of Four Platforms: Motivations and Uses of Facebook, Twitter, Instagram, and Snapchat Among College Students? // Social Media + Society, January- March 2017, 1–13, DOI: 10.1177/2056305117691544
- 5 Akordapress. (2020, July). Covid-19 pandemic news. Retrieved from <https://www.akordapress.com/>
- 6 Azattyq. (2020, July). Covid-19 pandemic news. Azattyq. Retrieved from <https://www.azattyq.org/>
- 7 Голуб, О. (2011). Управление кризисными организационными коммуникациями: теоретические основания изучения // Известия Саратовского университета. – 2011. Т. 11. Сер. Социология Политология, вып. 4. URL ([cyberleninka.ru](http://cyberleninka.ru))

## **References**

1. World Health Organization. (2020). Coronavirus disease (COVID-19) advice for the public. Retrieved from <https://www.who.int/emergencies/diseases/novel-coronavirus-2019/advice-for-public>
2. Saud M., Mashud M. and Ida R., Usage of social media during the pandemic: Seeking support and awareness about Covid-19 through social media platforms // Wiley. Academic Paper, -2020, p. 1-9.
3. Fabiola González R., Iriarte Aguirre S. and Irene G., MedinaPharmaceutical influencers on Instagram and their communication during the Covid-19 pandemic crisis // Journal of Science Communication, -2020, 19 (5), 2-27.  
<https://doi.org/10.22323/2.19050204>
4. Alhabash S. and Ma M. A Tale of Four Platforms: Motivations and Uses of Facebook, Twitter, Instagram, and Snapchat Among College Students? // Social Media + Society, January- March 2017, 1–13, DOI: 10.1177/2056305117691544

5. Akordapress. (2020, July). Covid-19 pandemic news. Retrieved from <https://www.akordapress.com/>
6. Azattyq. (2020, July). Covid-19 pandemic news. Azattyq. Retrieved from <https://www.azattyq.org/>
7. Golub, O. (2011). Upravlenie krizisnymi organizacionnymi kommunikaciyami: teoreticheskie osnovaniya izucheniya // Izvestiya Saratovskogo universiteta. – 2011. T. 11. Ser. Sociologiya Politologiya, vyp. 4. URL (cyberleninka.ru)

*Bibinur Bermaganbetova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

\*e-mail: [221308002@stu.sdu.edu.kz](mailto:221308002@stu.sdu.edu.kz)

## **INFLUENCE OF GLASNOST ON INFORMATION DURING THE COVID-19 PANDEMIC: A CASE STUDY OF THE INSTAGRAM PAGE 'AKORDAPRESS'**

**Abstract.** The World Health Organization formally announced on February 11, 2020 that a respiratory illness called the coronavirus or COVID-19 had emerged. Originating in China in December 2019, it was later declared a pandemic by the World Health Organization in March 2020. This global health crisis has resulted in unprecedented isolation, health risks, and concerns over financial stability. The role of media, including social media, has undeniably become increasingly significant during the COVID-19 pandemic. In such a state of panic, these platforms have not only provided crucial information but also facilitated two-way communication.

In this study, we aim to examine the content of the pandemic-related news on the Instagram page "Akordapress" and determine the impact of this information on the general population.

**Keywords:** COVID-19, coronavirus, content, pandemic, health.

*Бибинур Бермаганбетова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>SDU University, Каскелен, Казахстан

\*e-mail: [221308002@stu.sdu.edu.kz](mailto:221308002@stu.sdu.edu.kz)

## **ВЛИЯНИЕ ГЛАСНОСТИ НА ИНФОРМАЦИЮ ВО ВРЕМЯ ПАНДЕМИИ COVID-19: НА ПРИМЕРЕ ИНСТАГРАМНОЙ СТРАНИЦЫ: “ AKORDAPRESS”**

**Аннотация.** 11 февраля 2020 года Всемирная Организация Здравоохранения объявила о появлении респираторного заболевания, известного как коронавирус или COVID-19. Это заболевание впервые появилось в Китае в декабре 2019 года и позднее было признано пандемией Всемирной организацией здравоохранения в марте 2020 года. Это вызвало массовую изоляцию и сопровождалось опасениями, связанными с угрозой здоровью и финансовой нестабильностью. Во время пандемии COVID-19 роль СМИ и социальных сетей значительно возросла. Они не только помогли распространять важную информацию, но также позволили установить двустороннюю коммуникацию. Исследование, проводимое на странице Instagram «Akordapress», направлено на анализ реакции потребителей информации в период пандемии.

**Ключевые слова:** COVID-19, коронавирус, содержание, пандемия, здоровье.